

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ

Сыбайлас жемқорлық – бүгінгі қоғамның басты әрі өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл тек біздің елімізді ғана емес, сонымен қоса бүкіл әлемді аландатып отырған күрделі мәселе. Қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлыққа қатысты қабылданған заң жүйелері де, оның алдын алу мен болдырмау мақсатында атқарылып жатқан қаржы жұмыстар да аз емес. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тәуелсіз еліміздің азаматтық ретінде баршамызға ортақ міндет болып саналады. Жалпы аталған мәселе демократиялық мемлекеттің, саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізіп қана қоймай елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік

қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Түйіндей келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек өзінің бас пайдасының қамын ғана емес, сонымен қоса тұтастай елдің кемел келешегі мен жарқын болашағын ойлау қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресті ең алдымен әр адам өзінен бастауы тиіс деген ойдамын. Саналы өскелең ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүруді емес, керісінше, сыбайлас жемқорлықсыз болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіре білу қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды. Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бірге бірікпелі жұмыла ат салысуымыз қажет.

Қоғам болып бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек, ел болып біріккен алынбайтын қамал жоқ. Сананың өзгеруі адамның ішкі жан дүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгертіп кетсе, бәрі дұрысталады сөзсіз.

Нағи Гиясов ауылдық округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсеке-лестік пайда болған жерлерге та-мырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы ауылдықпен күресу болып табыла-ды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдық-тарының бірі – сыбайлас жем-қорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сы-байлас жемқорлықты тәзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қызметкерлер сыбайлас жемқор-лықтың алдын алу жөнінде БАҚ-та мақалалар жазып, әлеуметтік желілерде осы тақырыпта матери-алдар орналастырады. Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақы-лауға алынған. Қазақстан Респуб-ликасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасын-да осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойыла-тыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақ-сарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алағ басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Жетікөл ауылдық округінің әкімі У.Токпамбетов

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өршіп тұр. Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделенуі, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуын тежеп қана қоймай, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді. Қазіргі әлемде сыбай-лас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез келген мемлекетте орын алады. Аталған мәселені мүлдем жоқ деп айта алатын елдер сірә жоқ шығар. Әлемнің барлық мемлекеттері сыбай-лас жемқорлыққа тап болады. Соны-мен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетшілік проблемадан жаһандық проблемаға айналууда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сы-байлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбай-лас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда. Сы-байлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 1 қыркүйекте Президент

өзінің "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты" жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-тұр. Сыбайлас жемқорлық бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі. Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпымемлекеттік мәртебе берілгендіктен, оның көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі – моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Өйткені, тәкаппар адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқанда, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбай-лас жемқорлық азияды. Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс. Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

Сырдария ауданы, Іңқардария ауылдық округінің әкімі Есдаулетов Саулет Шәкібекұлы

ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетіне хабарландыру, құттықтау, еске алу немесе басқа да ақпараттық материалдар орналастырғыңыз келсе:
8 (724 36) 21-1-41, 21-5-73 телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады.
E-mail: tirshilik-tinisi@mail.ru

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС»

Бүгінгі таңда Қазақстан Респуб-ликасында негізгі проблемалармен қатар сыбайлас жемқорлық мәселесі өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамның келеңсіз құбылысы, үнемі мұқият зерделенуі, жүйелі көзқарасты, жан-жақты және жедел әрекет етуді талап етеді. Елімізде орын алып отырған сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономиканың дамуына кедергі келтіріп, инвестициялық ахуалға кері әсер етіп, еліміздің имиджін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жыл сайын қамтылып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі әрекетсіздік азаматтар арасында наразылық пен құқықтық нигилизмнің күшеюіне әкеледі. Мемлекетіміз сыбайлас жемқор-лықтың алдын алу және алдын алу

бағытында мақсатты жұмыстар атқаруда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды әдістерінің бірі заң талаптарын нақты сақтау болып та-былады, онда моральдық жағы да маңызды рөл атқарады. Өйткені, адамгершілігі жоғары адам заң бұзбайды. Олар айтқандай, әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, әрбір азамат қашанда өзінен бастаса, мәселен, өз міндетін адал, адал атқарса, жемқорлық азаяды.

Демек, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресу керек. Өйткені, сонда ғана еліміз әлемдегі сыбайлас жемқорлық жоқ мемлекеттердің біріне айналады.

Шаған ауылдық округінің әкімі Смайлов Нұғман Жаңабылұлы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сы-байлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы ауылдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға бола-ды. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республика-сы азаматтарының азаматтық борышы

және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының ая-сында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Со-ның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Пара-қорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне айырысыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқы-тары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауы-на өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Шіркейлі ауылдық округінің әкімі

СЫРДАРІЯ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Сырдария ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 26 маусымдағы №АҚС-6 қаулысымен Аманкелді ауылдық округі шекара-сында Аманкелді ауылдық округі әкімінің сайлауы жөнінде сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Респуб-ликасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес және 113-1-бабының 1-тармағы 3) тармақшасы негізінде Сырдария ауданының аумақтық сай-лау комиссиясының 2024 жылғы 26 маусымдағы №АҚС-7 қаулысымен

Аманкелді ауылдық округі әкімінің сайлауы 2024 жылғы 4 тамызға тағайындалды.

Аманкелді ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2024 жылдың 27 маусымын-да басталады және 2024 жылдың 9 шілдесі сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық құжаттар талалқа сәйкестігі анықтал-ғаннан кейін басталады және 2024 жылдың 14 шілдесі сағат 18.00 аяқталады.

Сырдария ауданының аумақтық

сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120600, Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9А, байланыс теле-фоны: 21-1-60, электронды поштасы tic_kzl_syr@saylau.kz.

Сырдария ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Шайлан Ермек Мұратбекұлы-төраға, Қонақбай Гаухар Темірбекқызы-төраға орынбасары, Парзу Әділет Серікұлы-хатшы, мүшелері: Ахетов Ерлан Дәуітбекұлы, Жанибеков Берик Съездович, Қаратаев Мақсұт Аманұл-лаевич, Бейімбетов Ержан Бахытович.

№169учаскелік сайлау комис-сиясының орналасқан мекен-жайы:

Аманкелді ауылдық округі, Қуаныш Баймағанбетов көшесі №17А, ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, байланыс телефоны: 21-91-69.

№169учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Оразов Жу-мағазы Кайыпович- төраға, Пазылов Марат Вальсерович-төраға орын-басары, Ермағанбетов Бауыржан Жаханшаулы-хатшы, мүшелері: Ары-станбек Талант Арыстанбекұлы, Ку-манқожаева Бағдат Жандилдаевна, Бурханова Кульзада Жанбылнова, Ниятова Гульсара Қуанышбековна.

Сырдария ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кумколь Ойл» ЖШС келесі жо-балар бойынша қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды: 1. «Күмкөл Ойл» ЖШС келісімшарттық аумағында тереңдігі 1200 (±250) м Күмкөл-6 және Күмкөл-7 іздеу ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жоба» және «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі; 2. «Күмкөл Ойл» ЖШС келісімшарттық аумағында Донгелек-1 ұңғымасын қалпына келтіруге арналған техникалық жоба» және «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Тыңдаулар 2024 жыл 31 шілде сағат 11:00-де өтеді

–Өткізу орны: Қызылордаоблысы, Сырдария ауданы, Тереңөзеккенті, Қонаев к-сі, 8.

ZOOM платформасында бейнеконференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEZVZWg2YUWweE9oTERhZjZFCQTO9>

Конференция идентификато-ры: 622 587 9592 Кіру коды: 7WDQTF Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Кумколь Ойл» ЖШС, Шымкент қ., Төле Би к-сі, 25, тел: 7(702)533 33 44, kumkol2022@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «Geoscience Consulting» ЖШС, Астана қаласы, Сарайшық к-сі, 4үй, 96п, тел: 8 778 102 59 60, geosciences@gmail.com

Ұсынылған жоба және қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ ұсынылатын қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін geosciences@gmail.com электрондық поштасы және +7 778 102 59 60 телефоны арқылы сұратуға болады.

Құжаттама <https://ecoportal.kz> порталында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz/> сайтында қабылданады

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Кумколь Ойл» сообщает о проведении общественных слушаний по следующим проектам: 1. «Групповой технический проект на строительство поисковых скважин Кумкольская-6 и Кумкольская-7 глубиной 1200 (±250) м на контрактной территории ТОО «Кумколь Ойл» и раздел ООС к нему»; 2. «Технический проект на восстановление скважины Донгелек-1 на контрактной территории ТОО «Кумколь Ойл» и раздел ООС к нему.

Слушания состоятся: 31 июля 2024 года в 11-00 часов Место проведения: Кызылординская область, Сырдарьинский район, с.Тереңөзек, ул.Қонаева, 8. Ссылка видеоконференциясы посредством платформы ZOOM: <https://us04web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEZVZWg2YUWweE9oTERhZjZFCQTO9>

Идентификатор конференции: 622 587 9592 Код доступа: 7WDQTF Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Кумколь Ойл», г. Шымкент, улица Төле Би, 25, тел: +7(702)533 33 44, kumkol2022@mail.ru Разработчик проекта: ТОО «Geoscience Consulting», г. Астана, ул. Сарай-шық, дом 4, кв.96, тел: +7 778 102 59 60, geosciences@gmail.com

Получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии докумен-тов, относящихся к намечаемой деятельности можно по электронной почте: geosciences@gmail.com, и номеру телефона +7 778 102 59 60.

Документация размещена на портале <https://ecoportal.kz> Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ecoportal.kz/>